



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

балетмейстер- А.Бекбосынов. Созданный в 1989 году танцевальный ансамбль «Салтанат» композиции композиторов на сцене М. Тулебаев, Байкадамов, Л. Камиди, С. Мухамеджанов, Н. Тлендиев, Э. Рахмадиев, Г. Жубанова и другие[5].

В XXI веке казахские национальные танцы вновь оказались на волне популярности. Сегодня всё больше людей уделяет внимание традиционной хореографии, отражающей всё многообразие культурного наследия страны. Благодаря активизации национальной хореографии, начали развиваться и многие смежные направления в искусстве и литературе:

- Этнография;
- Народные промыслы;
- Фольклор и так далее[4].

Всё это позволяет уверенно говорить о том, что национальное самосознание казахов продолжает скреплять нацию духовно.

Список использованных источников:

1. Сматуллаева А. Казахские национальные танцы // [электронный ресурс] — Режим доступа. — <https://massaget.kz> (дата обращения 15.01.2018).
2. Абилов Д.Т. История казахского танца: учеб. пособие. - Алматы: Санат, 1997.-160с.
3. Всеволодская-Голушкевич О. В. Пять казахских танцев. — Алматы: Онер, 1988.
4. Шукирова А.У. Творчество Шары Жиенкуловой в становлении и развитии школы казахского танца// Материалы международной научно-практической конференции «Культура, искусство и наука в современном образовательном пространстве».- Уральск: Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова, 2013.-С.73
5. Особенности национального казахского танца//[электронный ресурс] — Режим доступа. — <http://www.eastroute.com> (дата обращения 15.01.2018).

ӘӨЖ 9 (93-94)

УАЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Ешназарова Лаура, Койчукулов Жанұзақ

27eshnazarova@mail.ru , zhanuzak_1998.kz@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Журналистика факультетінің 1-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- г.ғ.м., Сыздық С.Қ

Шоқан Уәлихановты зерттеу барысында біздер көптеген ақпарат көздерін тауып, сол табылған ақпаратқа ерекше қызығушылық таныттық. Оның көптеген еңбектерінде Орта Азия халықтары туралы, оның ішінде өзінің ұлты қазақ халқы хақында көптеген мәліметтер келтірілген. Жалпы алғанда қолжазбамен жолсапар очерктерден құралған көлемді еңбектерінің бір қатары көшпенділермен тікелей байланысы бары аңғарылды.

Осы орайда Шоқан Уәлихановтың бірнеше еңбектеріне талдау жасап, ойға түйген дүниелерімізді жазуды ұйғардық. Олар: «Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары», Қырғыз халқының «Манас» жыры және «Қырғыздардың көшіп-қону дағдысы» атты еңбектері. «Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары»

Өзінің «Шаман дінінің қазақтар арасындағы қалдықтары» деген еңбегінде қазақтар арасында шаман дінінің ислам дінімен қатар өмір сүріп келе жатқанына назар аударады. Қазақтар арасында аруаққа сыйынушылықтың күшті екенін, олардың қысылған кезде өзінің әулиелеріне сыйынып, ата- бабаларының аруағын шақыратынын, сәті түскен істің бәрін аруақтың қолдап

жебеуінен деп қарайтынын, өлген адамның басына зират салу, мал сойып, тасаттық беру дәстүрлерінің бәрі аруақты қастерлеуден туған ырымдар екеніне тоқталады. Шоқан қазақ арасындағы наным-сенімнің кең жайылу сыры діншілдікке байланысты екенін айта келіп, жақсы баласы, жүйрік аты, тазысы өлсе, қыран бүркіті ұшып кетсе, мылтығы бұзылса – осының барлығы біреулердің сұқтануынан, тіл-көз тиюінен деп қарайтынын, ал одан сақтанудың жолы бой тұмар тағып жүру, садақа беру, әулиелерге жалбарыну, т.б. байланысты деп қараған дейді. Шоқанның қазақтың салт-дәстүрлері мен діни наным-сенімдерін зерттеу еңбектерінің құндылығы: біріншіден, ғылыми ауқымының кеңдігімен көзге түседі. Сондай-ақ Шоқан өзінің жазған еңбінде айтып кетеді: «барлық жазушылар қырғыздар жайлы сөз қозғағанда және де барлық географиялық зерттеулерде жазылған, қырғыздар-магомметтер, бірақ олар шаман салт-дәстүрін ұстанады немесе оны мұсылман дінімен және де шаман дінімен араластырады. Бірақ осының бәрі әділдік пе, сонда олардың шаманизм діні неден тұрады. Бұл жайлы әлі ешкім жазған емес, алайды шамандық қырғыздар, бақсылар әртүрлі дәуірлердегі баспаларда басылып шыққан болатын. Жалпы алғанда шамандық діни құбылыс ретінде әлі толық зерттелмеген.

Осыларды қортындылай келе Шоқан Уәлиханов өз ойын: Қырғыздарда (Қазақтарда) шаман дінінің қалдықтары яғни отқа табынушылық пен бір Аллаға сену үрдісі қатар жүріп келді. Мен екі сенімнің де бәсекеге түскенін, адамдарды әсіредіншілдікке апармағанын қалар едім. Бір жағынан шаманизммен исламның қазақ қоғамында орнығып, біте қайнасқаны көзге бірден түседі. Дегенмен, мұның барлығы қарама-қайшылық болғанымен бір-біріне мүлде кесірін тигізген емес. Сонымен бірге қырғыздар таразы басын тең ұстап екі түсінікке де бірдей сенген. Шаманизм де табиғатпен үйлесім табу элементтері кездеседі. Себебі адам табиғатпен біте қайнаса өмір сүреді. Тілге тиек болған Шаманизмнің негізгі мән-мағынасы осы арқылы материализммен үндеседі.

«МАНАС» жыры

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының аса бай эпостық мұраларының ішінде өзінің көлемімен де, көркемдігімен де, тарихи мол дерегімен де ерекше тұлғаланып тұратын жырдың бірі - «Манас». Қырғыз халқы өмірінің көп ғасырлар бойындағы елеулі оқиғаларының көркемдік шежіресі, «дәуірлер ақиқатының жаңғырығы тәрізді мұғал эпопея «Манастың» бүтін бітімін де, жеке бөлшектерін де сөз ету, зерттеу таразысына салу ғалымдар үшін аса қастерлі тақырыптың бірі болып келеді. «Манасты» тануға, зерттеуге қазақ ғалымдарының ат салысуы мейлінше табиғи құбылыс. Сан ғасырлар бойында аралас-құралас өмір сүрген, тілі де, мәдениеті де бір-біріне өте жақын қазақ пен қырғыз халықтарының өзара айырып болмастай етене туыстығы бәріне аян. Революцияның тұсында қазақты да, қырғызды да «қырғыз» деп атаған патша әкімдерінің жаңылысуы да осындай өте күрделі ортақ нышандардың көптігіне байланысты болса керек... Қырғыз ауыз әдебиетінің Алатаудай биік жәдігерін тұңғыш зерттеуші, Шоқан Уәлиханов болғанын мақтаныш етеміз. Өзге көп қымбат шығармаларын қоспағанда Ш. Уәлихановтың «Манас» дастанын тұңғыш жазып алып, еуропа жұртшылығына таныстыруы, терең талдаулар жасауы, парасатты бағалар беруі, «Манасқа» берген сипаттамасы күні бүгінге дейін күшін жойған жоқ... «Манас» жырының ғажайып құпиясын ашып, ғылыми қауым игілігі ету жөнінде Шоқаннан басталып, Мұхтар еңбегі арқылы жалғаса түскен тамаша дәстүр ізі суымаған екен. Оның жарқын да жанды куәлігін телегей теңіз білім иесі - тарихшы, этнограф, археолог, әдебиетші академик Әлкей Марғұланнның «Шоқан және Манас» атты монографиясынан көреміз. «Шоқан және Манас» бүкіл советтік фольклористика ғылымына өз жаңалығымен, қайталанбас сом бітімімен қосылатын үлес екендігіне күмән жоқ. Кітаптың әр тарауы ғана емес, әрбір беті бағалы мағлұматтарға толы

Сөз болып отырған кітап «Манас» жырын жазып алу тарихынан» «Жырдың мазмұны, сюжет құрылысы», «Жырдағы ерлік бейнелер, кісі, ел аттары, олардың тарихи негізі», «Манас» жырының қай кезде шыққаны туралы» деген төрт тараудан тұрады. Кітап сонында «Көкөтай ханның ертегісі» (факсимиле) берілген.

Ең алдымен, Ө.Марғұланның қазақ ғылымының өткендегі жарық жұлдыздарының бірі - Шоқан Уәлихановтың ғылыми, әдеби мұрасын жинап, жариялаудағы ұланасыр қызметін ерекше атап өту шарт. Ш.Уәлихановтың сан архивте шашылып жатқан, жоғалдыға саналып келген қолжазбаларын тірнектеп тауып, оларды бүгінгі жұртшылыққа ұсынуы - ғалымдық, азаматтық ерлік. Міне, сол Шоқан мұрасын жырлар бойы сарыла ізденудің және бір күрделі нәтижесі - «Көкетай ханның ертегісі» табылуы. Шоқан архивінен табылған «Көкетай ханның ертегісі» қашан және қандай жағдайда, кімнен жазып алынғанын анықтауға ғалым көп уақыт сарп еткені сезіледі. Қырғыз манасшыларының айтуында жырдың түрлі айырмашылықтары бар екенін ескерген автор Шоқан жазып алған нұсқа дәл кімнен келгенін тексеруді үлкен ғылыми міндет етіп қойған. Шоқан қолжазбасының табылуы «Манастың» шығу тарихын, қай заман туыңдысы екенін, қандай ақиқатты озіне арқау еткенін анықтауға теңдесі жоқ беделді негіз болатынын тағы да тұжырымдай келіп, жұртшылық назарын ескі «түркі» жазуының ғылым үшін, тарихты тану үшін айрықша қадірлі екеніне аударады. «Манас» жырын Шоқан ғасырлар бойы Орта Азия мен Қазақстан жерінде қолданылған, «түрік» деп аталатын, дәстүрлі араб емлесімен жазған.

«Шоқан және Манас» атты кітаптың әр тарауында үлкен ғылыми қорытындылар мен танытқыштық мәні зор пайымдаулардың көптігі сонша - оларды мақала көлемінде түгел келтіру мүмкін емес. Сондықтан ғылым үшін жаңа сөз, соны тұжырым болып табылатын бірнеше мәселеге ғана кідіріп өту ләзім

«Манас» жырындағы қаһармандардың біразы (Ер Төстік, Ер Қосай, Ер Көкше, Ер Едіге т.б.) қазақ эпосында кездесетінін ескерте келіп, автор бұндай құбылыстың терен сырын ұғындыратын қызғылықты мағлұматтар келтіреді. Ғалым жекелеген адам аттарындағы ұқсастықтарды ғана емес, тұтас-тұтас қазақ руларының сол замандағы бірлестік құрамында жүргенін нұсқайды. «...жалпы айтқанда «Манас» жырындағы геройлардың көпшілігі кейін қазақ ұлысына қосылған тайпалардың өкілдері, сол тайпалардың өздері... «Манас» жырының уақиғасына қазақ тайпалары тегіс қатысады десе де болады. Мәселен, Ұлы жүзден - Үйсін. Жалайыр, Қаңлы; Орта жүзден - Арғын, Қыпшақ, Керей, Найман, Қоңырат, Уақ; Кіші жүзден - Алшын, Тама, Телеу. Керейіт, Шеркеш, Кердері тағы басқалар. Бұлардың барлығы монғол дәуірінен көп бұрын жасаған, тек XV ғасырдан былай қарай қазақ қауымын құра бастаған тайпалар».

«Қырғыздардың көшіп-қону дағдысы»

Шоқан Уәлихановтың бұл еңбегінде Қырғыздардың (Қазақтардың) көшіп-қону салты мен жылдың төрт мезгіліндегі тыныс-тіршілігі баяндалады. Дәлірек айтқанда, «Қырғыз даласының солтүстігі жылқы шаруашылығымен айналысса, орталық және оңтүстік бөлігі ұсақ мал шаруашылығы және түйе өсірумен күнелтетінін айтады. Жыл бойы төрт түліктің көбінесе далалы жерде жайылымда жүріп, адамдардың тек малдарды бағыттап отыруы үшін ғана керек. Қырғыздар арасында «жұт» дейтін түсінік қалыптасқан. Ол табиғатпен тікелей байланысты. Үй жануарларының есепсіз қырылуы, шөптің шықпай қалуы халыққа сабақ болады. Қырғыздардың көргені көп. Ғасырлар бойғы орын алған жағдайлар жаңа нәрселерге үйретті. Кіші орданың қырғыздары жазда солтүстіктегі Орынбормен Мұғаджар тауларының арасын, қыс мезгілінде Сыр бойымен Борсық және қарақұм құмдарында қыстады. Ал орта орданың қырғыздары жаз бен қыс бойы Семеймен Троицк қалаларының аралығында көшіп жүрді. Осыған сәйкес жер үлестіру кезінде Баянауыл жерінен қыстау мен жайлау үшін берілетін жердің әділетті түрде орындалуын сұраймын» - дей отыра, халықтың мұқтажын айтып, Қырғыздардың тыныс-тіршілігін суреттеп берді. Одан бөлек қырғыздардың мал басы жағынан бай болғандығын айтып, қырғыз бен қазақтардың мал шаруашылығы жөнінде кқп нәрсені білетіндігін түсіндіре отырып жазған. Бұл қолжазба 1864 жылы 26 наурызда қазіргі Омбы қаласында жазылып, ресми құжат ретінде Батыс Сібір генерал-губернаторына арналғандығы бізге белгілі. Қортынды:

Жоғарыда жазылған Шоқан Уәлихановтың үш еңбегі көшпенділер туралы тақырыпқа барлық жағынан сәйкес келеді. Себебі Шаманизмнің Ислам діні келместен бұрын салтанат

құрғандығы, көшпенділердің өмір турасындағы түсінгі негіз болғандығы дәйектермен айтылады. Сонымен бірге қырғыз халқының «Манас» жыры көшпенді өмірдің батырлық жырларының байлығы, бай мұрасы болып есептеледі. Мақтанатын тұсымыз осы жырды шашыраңқы күйінен бір қалыпқа келтіріп, қырғыз халқының мәдениетіне үлесін қосып кеткендігі. Көшпенді өмір сүру, көшіп-қону көшпенділердің айнымас салты болған. Шынай дәлелдерді келтіре отырып жазылған бұл еңбектерді біріктіре отырып қарайтын болсақ, Шоқан Уәлихановтың көшпенділер турасында да қалам тартқандығы байқалады.

ӘОЖ 323.232:374.3 (574)

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ТАРИХИ ЖАҢАРУЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДА

Жақан Назерке Қанатқызы

naz-28-07@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультеті
5В020300 «Тарих» мамандығы 3-ші курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.А.Алпыбес

Қазақ халқы Тәуелсіз Мемлекет құру жолының жиырма алтыншы жылдығында ел дамыту мақсатын жүзеге асыру үшін озық отыз мемлекет қатарынан орынға еруге нақты бет алып, рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асруға көшті. Ұлттық тәуелсіздікті жариялаған ширек ғасыр ішінде Қазақстан Республикасы әлемдік аренада жоғары беделге ие болды. Мұндай зор жетістіктерге қол жеткізудің алғышарттарын іздегенде, біз ең алдымен өткен тарихымызға зер салып, ұлт игілігі үшін қызмет еткен тұлғаларды ұлықтағанымыз жөн.

Қазақстан жері тарихи мұраларға ең бай өлкесінің бірі. Тек табиғат қазыналары ғана емес, адам капиталының ең жарқын өнегесін көрсететін рухани мұралар да біздің өлкемізде жақсы сақталғанына дау жоқ. Қола мен темірі дәуірі, сақ, ғұн, түркі кезеңдеріндегі құнды археологиялық ескерткіштермен қатар, Алтын Орда – Ұлы Дала Елі кезеңі мен Қазақ хандығы заманындағы ең келелі де, киелі де, бағалы рухани жәдігерлер осы өлкеде жасалған және сақталған.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Қазақстан азаматтарына зор әсер етті. Осы арқылы халықтың ой-санасы жаңа еңгейге көтеру мәселесінің маңыздылығы артты. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, елімізде жүзеге асырылған «Мәдени мұра», «Халық – тарихы толқынында» мемлекеттік бағдарламаларының заңды және логикалық жалғасы.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Білімнің салтанат құру» қағидасы аясында сөз қозғайтын болсақ, қазақ тарихындағы даналық пен ақылмандықтың өз заманында үздік үлгісін көрсеткен данышпан бабаларымыз қайраткерлігімен іс тыңдырып, ғұмыры төрт ғасырға жуық жалғасқан Қазақ хандығы мемлекетінің ішкі және сыртқы істерін атқарды.

Халықаралық аренада алдына жан салмай сарабдал саясат жүргізіп келе жақтан Елбасы Н.Ә. Назарбаев, тәуелсіздіктің тудырған мүмкіндіктері арқасында әлемдегі озық дамыған 30 елдің қатарына Қазақстан Республикасын қосу міндетін «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында атап өткен болатын. Бұл ұлы мақсаттар еліміздің ғалымдық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету арқасында ғана іске асыру мүмкін. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Елбасының мазмұны терең бағдарламалық мақаласында, үшінші жаңғырту жөнінде міндеті аясында, экономикалық және саяси жаңғырумен қатар, оны өзара байланыстыратын мәселе – рухани жаңғыру деп айтты.

Рухани жаңғыру бағдарламасының атқарар қызметі – Қазақстанның тәуелсіздігін сақтау, қазақ елін әлемнің озық елдері қатарына қосу, ал ол үшін, ең бастысы, қоғамдық тұрақтылық пен ұлттық сананың жаңа белеске көтерілуін қамтамасыз ету қажет. Әлемнің жаһандану